

«Балдырған» бөбекжай- балабақшасы МКҚК

Бекітемін:
Менгеруші: А. Қ. Бисебаева



Келісемін:
Әдіскер: А.Е.Үсенғалиева



Ата-аналармен жұмыс жоспары

«Айгөлек» тобы

**Тәрбиеші :Бактыгереева Ж.А
Бегалина Қ.Б.**

2025-2026 оқу жылы

2025-2026 оқу жылының ата-аналармен жұмыс жоспары

№	Тақырыбы	Мақсаты	Айы-күні	Жауапты адамдар
1	1.«Менің отбасым – менің бақытым»күніне фото көрме 2.«Балапан қадам – үлкен жетістікке бастар жол» . «Жасыл балабашаны таныстыру»	Отбасы мүшелеріне деген сүйіспеншілік ,қамқорлық , мейірімділік ,сезімдерін дамыту . Ата-ана жиналысы: Жаңа 2025-2026оқу жылы жүктемісін таныстыру Ата аналарды жобаның мазмұнымен мақсаты ,міндеттерімен таныстыру.	12.09 24.09	Бақтыгереева Ж. Бегалина Қ.
2	«Асар» (жәрмеңке) Күзгі жапырақтардан түрлі бейнелер көрмесі	Ата-анамен бірлескен әрекет арқылы күзгі жәрмеңке ұйымдастыру. Табиғи материалдармен жұмыс.	17.10.	Бақтыгереева Ж. Бегалина Қ.
3	«Жеті атасын білген ұл, жеті жұрттың қамын жер»	Ұрпақтың өз ата-бабаларын құрметтеуін,ұлттық мәдениетті түсінуін және жеті атаны білу арқылы өз тарихын білу қажеттілігін тәрбиелеу болып табылады.	20.11	Бақтыгереева Ж. Бегалина Қ.
4	«Қош келдің жаңа жыл» Қалдықсыз өмір акциясы	Балаларға жаңа жыл мерекесінің қуанышымен таныстыру,мерекелік көңіл күй сыйлау. Қайта өңдеу мәдениетін қалыптастыру.	23.12.	Бақтыгереева Ж Бегалина Қ
5	«Балалар кітапханасы адалдық әлемі»	Ата аналармен бірлесе отырып қар бетіне түрлі бейнелер жасау	15.01.	Бақтыгереева Ж Бегалина Қ
6	«Әкем үйретеді»	Баланы әкесімен бірге қарапайым еңбек әрекетіне қатыстыру.Әке-бала байланысын күшейту. Балалардың ұсақ маторикасын, қызығушылығын дамыту. Адал еңбекке түсінік	20.02	Бақтыгереева Ж Бегалина Қ

		қалыптастыру.		
7	«Аяулы анашым»	Балаларды аналарын,әжелерін құрметтеуге ,мейірімді,ізетті болуға тәрбиелеу. Балаларды ұлттық ойындармен таныстыру.Қазақтың дәстүрлі ойындарын таныстыру.	4.03 31.03.	Бақтыгереева Ж Бегалина Қ
8	«Таза ауа таза әлем»	Балабақша ауласын тазалау,көгалдандыру.	23.04.	Бақтыгереева Ж Бегалина Қ.
9	«Ертегі әлеміне саяхат»	Ата-аналарға баланың қиял әлемін түсінуге көмектесу және ертегі арқылы бала тәрбиесінің жаңа қырларын ашу.	22.05.	Бақтыгереева Ж Бегалина Қ.

«Балдырған» бөбекжай-бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны



Тақырыбы: «Менің отбасым – менің бақытым»

«Айгөлек» тобы

Тәрбиешілер: Бақтыгереева.Ж.
Бегалина.Қ.

«Менің отбасым – менің бақытым» фотокөрмесі

Мақсаты:

Балалардың отбасы туралы түсініктерін кеңейту, ата-анаға деген сүйіспеншілік пен құрмет сезімін қалыптастыру. Отбасы құндылықтарын насихаттау.

Міндеттері:

Балаларды өз отбасы мүшелері туралы әңгімелеуге үйрету;

Отбасы мүшелеріне қамқорлық жасауға тәрбиелеу;

Сөйлеу мәдениетін дамыту;

Фотосурет арқылы жағымды эмоция қалыптастыру.

Көрменің атауы:

«Менің отбасым – менің бақытым»

Көрме түрі:

Фотокөрме

Қатысушылар:

Тәрбиешілер, ата-аналар, тәрбиеленушілер

Көрнекіліктер:

Отбасылық фотосуреттер

Шарлар, гүлдер

Безендірілген стенд

Жүрекше, күн, шаңырақ суреттері

Әуен

Көрменің барысы

I. Кіріспе бөлім

Тәрбиеші: Құрметті ата-аналар, балалар!

Бүгінгі «Менің отбасым – менің бақытым» атты фотокөрмемізге қош келдіңіздер!

Отбасы – әр адам үшін ең қымбат, ең ыстық ұя. Отбасында адам мейірімділікті, сүйіспеншілікті, қамқорлықты үйренеді.

II. Негізгі бөлім

Фотокөрмені таныстыру

Тәрбиеші балаларды фотосуреттермен таныстырады.

Сұрақтар:

Суретте кімдер бейнеленген?

Отбасыңмен қайда түскенсің?

Отбасыңда кімдерді жақсы көресің?

Үйде қандай көмек көрсетесің?

Балалардың жауаптары тыңдалады.

III. Ойын бөлімі

Ойын: «Отбасы мүшесін ата»

Шарты: тәрбиеші отбасы мүшесін сипаттайды, балалар атын табады.

Мысалы:

Үйдің тірегі, әкеңнің аты кім?

Мейірімді, ертегі айтып береді — бұл кім?

IV. Тақпақтар

Бала:

Отбасым менің тірегім,
Бақытқа толы жүрегім.
Ата-анам жанымда,
Қуанышым — мерекем!

V. Қорытынды

Тәрбиеші: Отбасы — жылулық пен махаббаттың мекені. Әр шаңыраққа амандық,
бақыт, береке тілейміз!

Балалар мен ата-аналарға алғыс айтылады



«Балдырған» бөбекжай-бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны



Хаттамасы №1

Тақырыбы: «Балапан қадам –үлкен жетістікке бастар жол»

«Айгөлек» тобы

Тәрбиешілер: Бақтыгереева.Ж.
Бегалина.Қ.

2025-2026 жыл.

«Айгөлек»тобының ата-аналар жиналысының

Хаттамасы№1

2025 жылы 14 –ші Қазан күні «Айгөлек»тобында ата-аналар жиналысы өтті.

Жиналысқа қатысуға тиісті -20

Қатысқаны : 13

Қатыспағаны :7

(дәлелді себеппен)

Тақырыбы: «Балапан қадам –үлкен жетістікке бастар жол»

Мақсаты: Балапаанның алғашқы қадамдары мен дамуын бақылауда ата-аналардың рөлін көрсету.

Балалар психикалық ,физикалық және әлеументтік дамуын қолдау жолдарын түсіндіру.

Балалардың алғашқы қадамдары арқылы үлкен жетістікке жету жолдарындағы отбасы мен балабақша арасындағы байланысқа назар аудару.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында ұсынылған «**Өнегелі 15 минут**» бастамасы ата-аналар мен балалар арасындағы қарым-қатынасты нығайтуға бағытталған. Қысқа, бірақ мағыналы әңгімелер арқылы адамгершілік және моральдық тақырыптарда сөйлесіп, балаңыздың ішкі әлемін тереңірек түсініп, оның ойлары мен сезімдерін тыңдай аласыз.

Балаңызбен күн сайын 15 минут шынайы жүректен әңгімелесу оның өзіне деген сенімін нығайтуға, маңызды өмірлік құндылықтарды меңгеруге және дұрыс тәрбие алуға көмектеседі.

Қаралатын мәселелер:

1. Ата-аналарға тобымыздың жылдық мақсаты мен күн тәртібі мен және ата-аналарды бір-бірімен таныстыру. Тәрбиеші:Бақтыгереева.Ж
2. Баяндама: «Балапанның алғашқы қадамдары: Отбасының рөлі мен қолдауы»Тәрбиеші: Бегалина .Қ
3. Ата-аналар комитетінің мүшелерін сайлау.
4. Медбике тазалық жөнінде түсіндірме жұмысын айту.
5. «Балаңыз балабақшаға дайын ба?» сауалнама.

Күн тәртібінде

1. Сәлеметсіздер ме?! Ата- аналар біздің « Айгөлек» тобының ата –аналар жиналысына қош келдіңіздер! Сіздерден өтініш орындарыңыздан тұрып бір-бірімізбен танысу шеңберіне келсеңіздер.

Қолымыздағы тәжді басымызға киіп өзімізді таныстыру.

Барлығымыз бір-бірімізбен танысып болсақ орындарыңызға жайғасып отырыңыздар.

Бала тәрбиесіндегі басты міндеттерді іске асырушы балабақша мен отбасы. Біз сіздермен кездескенімізге өте қуаныштымыз.

2. Баяндама оқылды: «Балапанның алғашқы қадамдары: Отбасының рөлі мен қолдауы».
3. Топ тәрбиешілері балалар тізімін таныстырып ата-аналар комитетінің мүшелерін сайлауға шақырды.

Ата-аналар бір ауыздан комитет төрайымын сайлансын

Төрайымы::

1. Исимгалиева Мөлдір

Мүшелері:

2.Жауынбай Таңшолпан.

3.Жолдас Іңкәр.

4. Сөз кезегі медбике Сағатова Жанатқа берілді.

Бала тәрбиесінде ең бірінші ата-ананың жауапкершілігі, міндеті көп.

Сондықтан ата-аналар баланы тәрбиелеуге, балабақшаға баланы кешіктірмей уақытылы жіберуге, себепсіз балабақшадан алып қалмауға, ауырған жағдайда баланы дәрігерге қаратып , балабақшаға денсаулығы туралы анықтама әкелуге , себепсіз баланы алып қалған жағдайда қол хат жазып тәрбиешісіне хабарлауға, кешкілік тарағанда уақытылы баланы алуға міндетті. Сонымен қатар тазалық көп мән беру керек.

5.«Балаңыз балабақшаға дайын ба?» сауалнама.

Мақсаты:

Баланың балабақшаға психологиялық, әлеуметтік және физикалық тұрғыдан дайындық деңгейін анықтау;

Ата-аналармен бірлесіп баланың бейімделу процесін жеңілдету;

Баланың күшті жақтары мен дамытуды қажет ететін салаларын көрсету арқылы педагогтарға ақпарат беру.

Өткізу барысы :

1. Кіріспе :

Жиналысты тәрбиеші ата-аналарды қарсы алады.

«Бүгін біз балаңыздың балабақшаға дайындық деңгейін анықтаймыз.

Бұл сауалнама сізге және тәрбиешілерге баланың бейімделуіне көмектеседі» деп түсіндіру.

2. Сауалнама толтыру:

Әр ата-ана анкета толтырады (5-10 минут).

Қажет болса, тәрбиеші сұрақтарды қысқаша түсіндіреді.

3. Талдау және талқылау :

Тәрбиеші сауалнаманың қорытындысын қысқаша айтып жалпы тенденцияларды көрсетеді.

Ата-аналар сұрақтар қоя алады, пікірлерін бөліседі.

4. Қорытынды:

«Баланың балабақшаға дайын болуы – ортақ мақсат. Ата-ана мен тәрбиеші бірлесе жұмыс істесе, бала тез бейімделеді» деп қорытындылау.

Қажет болса , жеке кеңестер беру немесе топтық ұсыныстар жасау.

Қаулы

Ата-аналармен тәрбиешілерге бала біздің болашағымыз екенін насихаттап, баланың бос уақытын тиімді пайдалана отырып, қойылған талаптар өз деңгейінде орындалсын.

Балабақшамен тәрбиешілер тығыз қарым- қатынаста болу.

Жиналыстың шешімі :

1. Ата-аналармен тәрбиешілер арасындағы қарым-қатынасты тығыз сақтау.

2. Ата-аналармен бірлесіп балалардың тәртібімен қауіпсіздігіне тәрбиешілер мен бірлескен жоспарларды жүзеге асырып, қорытындысын шығарып отыру.

Төрайымы: Бақтыгереева Ж.

Хатшысы: Бегалина Қ

«Балдырған» бөбекжай-бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны



Тақырыбы: «Балапанның алғашқы қадамдары: Отбасының рөлі мен қолдауы»

«Айгөлек» тобы

Тәрбиеші: Бегалина.Қ.

2025-2026 жыл.

Тексерілді: 

Баяндама

Тақырыбы: «Балапанның алғашқы қадамдары: Отбасының рөлі мен қолдауы»
Баяндама жасаған: Бегалина Құралай Бақтиярқызы

Мақсаты:

Баланың балабақшаға бейімделу кезеңінде отбасының ықпалы мен қолдауының маңыздылығын түсіндіру, ата-анамен ынтымақтастықты нығайту.

Баяндама мәтіні:

Бала – әр отбасының бақыты, өмірдің мәні. Оның мінез-құлқы мен дамуы, қоршаған ортамен қарым-қатынасы ең алдымен отбасындағы тәрбиеден бастау алады. Балабақшаға алғаш қадам басқан бала жаңа ортаға, жаңа адамдарға үйренуі үшін ата-ананың сүйіспеншілігі мен қолдауы ерекше рөл атқарады.

Балабақша – баланың алғашқы әлеуметтік ортасы. Мұнда бала ұжымда қарым-қатынас орнатуды, өз ойын білдіруді, өзін-өзі ұстауды үйренеді. Дегенмен, бұл кезеңде кей балаларға бейімделу оңайға соқпайды. Сол себепті ата-ананың жылы сөзі мен сенімі баланың қорқынышын жеңуге көмектеседі.

Отбасында жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру, баланың жетістіктерін мақтап, қолпаштау – оның өз-өзіне деген сенімін арттырады. Тәрбиеші мен ата-ананың өзара байланысы да маңызды: бір-біріне сенім білдіріп, ақпарат алмасып, баланың дамуындағы өзгерістерді бірге бақылауы қажет.

Балапанның алғашқы қадамдары – өмірге деген сенімнің бастамасы. Ал сол сенімді нығайтатын – ең алдымен отбасының қолдауы мен махаббаты. Отбасы мен балабақша бірлесе әрекет еткен жағдайда ғана бала жан-жақты дамып, қоғамға бейім тұлға болып қалыптасады.

Қорытынды:

Балаға деген махаббат пен қолдау – оның табысты болашағының кепілі. Сондықтан әр ата-ана өз баласының алғашқы қадамдарын сүйіспеншілікпен, шыдамдылықпен және қуанышпен қабылдауы тиіс.



«Балдырған» бөбекжай-бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны



Тақырыбы: «Күзгі асар жәрмеңкесі»

«Айгөлек» тобы

Тәрбиешілер: Бақтыгереева.Ж.
Бегалина.Қ.

2025-2026 жыл.

Тексерілді: 

Күзгі асар жәрмеңкесі

«Адал азамат-Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында «Балдырған» бөбекжай-бақшасында ата-аналар мен тәрбиешілердің ұйымдастыруы бойынша ұйымдастырылған "Күзгі асар" жәрмеңкесіне қош келдіңіздер!

Мақсаты: күз уақыты молшылыққа толы болғандықтан күздің берекелі, мерекелі кезін насихаттау. Балаларды әсемділікке, еңбекқорлыққа баулу, табиғатқа деген қызығушылықтарын арттыру.

Бүгінгі мерекелік іс-шара көкөністер мен жемістер, әдемі аралар және қырманшылар шеруімен басталды. Сонымен бірге ата-аналарымыздың күз өнімдерден ұйымдастырған жәрмеңкеге белсене қатысуларыңыз сұралады.

Көрменің мақсаты:

- Қазақтың «асар» дәстүрін таныту, ынтымаққа тәрбиелеу
 - Күзгі өнімдерді пайдалана отырып шығармашылық туындылар жасау
 - Ата-аналар мен балалардың бірлескен жұмысын насихаттау
- "Адал азамат" жоспарына сәйкес "Күзгі асар" жәрмеңкесі тәрбиелік мәні өте зор.**

Ән: «Күз келді»

БИ: «Қырманшылар»

Ортаға балаларымыздың күзгі тақпақтарымен ортаға шақырайық.

1. Ахмет: Күзде бәрі піседі,
Бақтар жеміске толады.
Қыстың қамын ойлаған,
Дала дөнге оранды.
2. Күзде аспан түнжырап,
Жерге жаңбыр тамшылар.
Дала толып молшылық,
Еңбек ерін аңсатар.
3. Күзде бақтар әдемі,
Жемістерге сәні енді.
Қолға себет аламыз,
Жиналады бәрі енді.

Ендеше ортаға Жемістер мен көкөністерді, Кішкентай араларды өз өнерлерімен ортаға шақырайық.

БИ: «Күзгі бақша дақылдары мен аралар биі»

Жүргізуші:

Құрметті ата-аналар, қадірлі қонақтар және балақайлар!

Осымен «Адал азамат — Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында ұйымдастырылған *«Күзгі асар жәрмеңкесі»* атты мерекелік іс-шарамыз өз мәресіне жетті.

Бүгінгі көрмеміз бен жәрмеңкеміз күз мезгілінің берекесін ғана емес, ата-бабамыздан қалған «асар» дәстүрінің, яғни бірлік пен ынтымақтың озық үлгісін көрсетті. Балабақшамыздың өміріне әркез қолдау көрсетіп, күзгі өнімдерден көздің жауын алатын шығармашылық туындылар дайындаған, жәрмеңкеге белсене қатысқан барша ата-аналарымызға ұжымымыз атынан шексіз алғысымызды білдіреміз!

Балаларымыздың бойында еңбекқорлық пен ұлттық құндылықтар осылай бірлескен жұмыстар арқылы қалыптаса бермек. Отбасыларыңызға амандық, дастарқандарыңызға құт-береке тілейміз!

Күзгі береке барлық шаңыраққа бақ әкелсін! Келесі кездескенше сау-саламатта болыңыздар!



«Балдырған» бөбекжай-бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны



Тақырыбы: «Жеті атасын білген ұл жеті жұрттың қамын жер»

«Айгөлек» тобы

Тәрбиешілер: Бақтыгереева.Ж.
Бегалина.Қ.

2025-2026 жыл.

Тексерілді: 

Тақырыбы: «Жеті атасын білген ұл жеті жұрттың қамын жер»

Мақсаты: Ұрпақтардың өз ата-бабаларын құрметтеуін, ұлттық мәдениетті түсінуін және жеті атаны білу арқылы өз тарихын білу қажеттілігін тәрбиелеу болып табылады.

«Ботақан» тобынан Дербисов Ринат

Ұлы Таңатов төренұрмен

«Айгөлек» тобынан: Қойбағаров Серікбай

Ұлы Қойшыбай Рауанмен

«Аққайын» тобынан Мәденбаев Жанұлан

Ұлы: Мәденбаев Батырханмен

Тәрбиеші: Құрметті әкелер және кішкентай бүлдіршіндеріміз бүгін біздің әкелер мектебінің «жеті атасын білген ұл жеті жұрттың қамын жер» атты іс-шараға қош келдіңіздер. Қазақта «Әкеге қарап ұл өсер, анаға қарап қыз өсер» деген сөзді ата-бабаларымыз бекер айтпаған болар. Қазақ жеті атаға дейін қан араластырмайды. Жеті атаға толмай қыз алыспау ата-бабамыздан бері келе жатырған қазақтың тәрбиелік дәстүрі. Әрбір қаақ жеті атасын жетік білу міндетті. Бұл отбасылық тәлім-тәрбиенің негізі. Ендеше бүгінгі іс-шарамызда шежіре мәселесіне тоқталып, балаға шежіре, әулет тарихы туралы айтып өтетін боламыз.

Тәрбиеші: Құрметті әкелер бүгінгі «Әкелер мектебінің» «Жеті атасын білген ұл-жеті жұрттың қамын жер» тақырыбындағы іс-шарамыздың жоспарымен таныс болыңыздар.

1. Сиқырлы қоржын ішіндегі сұрақтар.
2. Ұлттық мұрамыздың бір бөлшегіне айналған ерекше өнерді балаларымызға таныстыратын боламыз. Олар Ер тоқым, қамшы өру, атқа міну, асық ату.
3. Әкелер мен балалар арасындағы байланысты нығайтуға, көңілді әрі белсенді уақыт өткізуге мүмкіндік беретін тамаша ойын «Отбасы ағашы» деп аталады. **Тәрбиеші:** Құрметті әкелер қазір менің алдымдағы қоржынның ішінде сұрақтар салынған. Сол сұрақтарды алып өз ойларыңызды ашық және балаға түсінікті қылып айтуларыңыз сұралады. Ендеше бастайық.

1) Әке ретінде өзіңізді қалай сезінесіз? Әке болудың ең маңызды міндеттері қандай деп ойлайсыз?

2. Жеті атаны білудің маңызы туралы не ойлайсыз? Бұл дәстүрдің сіз үшін қандай мәні бар?

3. Аталарымыздан алған тәрбие сіздің өміріңізде қалай көрініс тапты?

4. Бала тәрбиесінде ең маңызды нәрсе не деп есептейсіз?

Мысалы: Балаға дұрыс бағыт беру, тәртіп орнату, өмірлік құндылықтарды үйрету және үлгі көрсету маңызды.

5. Өзіңіздің ата-бабаңыздың дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын ұрпаққа жеткізу үшін қандай шаралар қабылдайсыз?

6. Әке ретінде өз балаларыңызға қандай құндылықтарды үйретуге тырысасыз?

7. Жеті атаны білу ,ұрпақтар арасындағы байланысты сақтау сіз үшін қаншалықты маңызды?

8. Сіздің ата-бабаларыңыздың қандай дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары сіздің өміріңізде қолданылады?

9. Әке ретінде жеті атаны білу ,отбасы тарихын сақтау сіз үшін неге маңызды?

10. Жеті атаны білу қазіргі жастарға қалай әсер етуі мүмкін?

11. Қазақ ұлдан тараған ұрпақты жеті атаға дейін қалай атаған?

Жауабы: Бала, немере, шөбере, шөпшек , немене, жүрежат, туажат.

12. Жеті қазынаны атаңыз?

Жауабы: Ержігіт, сұлу әйел, ақыл білім, жүйрік ат, қыран бүркіт, берен мылтық, жүйрік тазы.

Тәрбиеші: Құрметті әкелер бүгін біз балаларымызға өзіміздің ұлттық мұрамыздың бір бөлшегіне айналған ерекше өнермен таныстыратын боламыз. Ер тоқым, қамшы өру , атқа міну , асық ату. Ер тоқым мен қамшы бұл тек құралдар емес , ол біздің ата-бабамыздан қалған құнды мәдени мұра. Бұл қолөнер түрлері әр қазақтың өмірінде маңызды орын алған. Ол —ер жігіттің күшін, батырлығын, ерлігін, сондай-ақ атадан балаға мирас болып келе жатқан шеберлік пен даналықтың белгісі. Бүгін біз осы өнерді үйрету арқылы өзіміздің ұлттық болмысымызды тереңірек түсініп, оны ұрпаққа жеткізу жолында маңызды қадам жасаймыз. Біздің әрбір жасайтын қадамымыз арқылы ұрпағымызға осы дәстүрлерді мұра етіп қалдырамыз. Ендеше менің қолымдағы қалташадан осы тақырыпқа байланысты сұрақтарды алып , балаларымызға түсінікті етіп түсіндіреміз.

1 Ер тоқым туралы түсіндіру.

2 Атқа мінуді үйрету.

3 Қамшы өруді үйрету.

4 Асық атуды үйрету.

Тәрбиеші: Біздің әкелерімізге көп-көп рахмет . Әкелеріміз осы құндылықтарды ұрпақтарына үлгі етіп көрсету өте маңызды деп есептеймін.

Тәрбиеші: Бүгін енді біз әкелерімізбен ойын ойнағалы отырмыз. Бұл ойын әкелер мен балалар арасындағы байланысты нығайтуға, көңілді әрі белсенді уақыт өткізуге мүмкіндік беретін тамаша тәсіл.

«Отбасы ағашы» деп аталады . Алдарыңызға плакат , карандаштар беремін. Бұл ойынның Мақсаты: Әкелер мен балалардың бірге жұмыс істеуін ынталандыру, отбасы тарихын білу. Салынған сурет бойынша әр отбасы мүшесі туралы қысқаша айтып, оның отбасы үшін маңыздылығын түсіндіреді.

Тәрбиеші: Жеті атадан өтіп, Ата-бабаларымыз жеті атаны білу жөнінде айтар ойын жинақтап, оны мына бір ауыз сөзбен жеткізіп кеткен екен.

Жеті атасын білген ұл,

Жеті жұрттың қамын жер.

Жеті атасын білмеген

Құлағы мен жағын жер дейді халық даналығы. Ата жолын сақтап, балаларымызға руын, жеті атасын айтып үйрету, әр ата-ананың парызы екенін ұмытпайық. Осымен бүгінгі «Жеті атасын білген ұл жеті жұрттың қамын жер» атты іс-шарамыз аяқталды уақыт бөліп келген әкелерімізге көп-көп рахмет.



«Балдырған» бөбекжай-бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны



Тақырыбы: « Қош келдің жаңа жыл»

«Айгөлек» тобы

Тәрбиешілер: Бақтыгереева.Ж.
Бегалина.Қ.

2025-2026 жыл.

Жүргізуші: Қош келдіңдер Аяз ата мен Ақшақар,біздің балалардың сіздерге арнаған тақпақтарымен әндері бар. Келіндер бізбен бірге қосылып ән айтып, шыршаны айналайық

Ән :Шыршаға барды

Жүргізуші: Біздің кішкентай бүлдіршіндеріміздің сіздерге арнаған тақпақтарын тамашалаңыздар.

Омар: Аппақ тоңға оранып,
Базарлықты мол алып.

Нұрилла: Жаңа жылым мол болсын,
Басқан қадам оң болсын.

Әмина:Дала нұр,қала нұр,
Құтты болсын жаңа жыл.

Жүргізуші: Қояндарым ,секіріңдер,
Жаңа жылды жетелеп.
Би күйіне көшейік,
Ақ қарменен тербеліп

Би: «Ақ қояндар»

Жүргізуші: Ойын: «Ақ ұлпа»

Екі ата-ана шығады.Аяз атаға және ақша қарға қар лақтыру.Кім көп қар жинаса сол ата-ана жеңімпаз болады.

Жүргізуші:Ескі жыл есіркесін жаңа жыл жарылқасын деп ескі жылан жылын шығарып салайық.

Жылан:Мен ескі жылмын.ескі жылға өкпе жоқ ,жаңа жылдан үміт көп. Ескі жылда болған қиындықтар артта қалып,жаңа жылға тек үміт пен сенім,береке мен бақытты ала кірейік.Әр шаңырақта тыныштық орнап,денсаулық пен молшылық жолдас болсын.

Жүргізуші:Жаңа жылым жылқы жыл,
Желдіріп жет ,жүйрік жыл.
Құт береке ала кел,
Ортамызға кел бүгін-деп жаңа жылымызды ортаға шақырайық.

Жылқы:Құрметті қауым,

Келіп жеткен жылқы жылы баршаңызға қуат пен қайрат,береке мен табыс әкелсін.Жылқы еркіндіктің,адалдықтың және еңбекқорлықтың нышаны.Осы жылы әр қадамыңыз нық болып,бастаған істеріңіз сәтті аяқталсын.Отбасыларыңызға амандық,шаңырақтарыңызға шаттық,Жүректеріңізге сенім ұяласын.Балаларымыз білімді,болашағымыз жарқын болсын.Жылқы жылы жақсылыққа жетелеп,мол ырыс пен берекеге толы жыл болғай.Жаңа жыл құтты болсын.

Жүргізуші: Біздің балаларымыздың тақпақтарына кезек берейік.Ортаға Айлин.Шырай өз тақпақтарын айта қойсын.

Айлин: Жаңа жыл, жаңа жыл
Жаңа жылда жаңа жыр.

Шырайлым: Қандай жақсы шыршамыз,
Ән шырқайық баршамыз.

Балаларға ойын: «Шыршаны кім тез безендіреді.
Балаларға шыршаның суретін беріп шыршаны безендендіру қажет .бірінші болып
безендірген балаға аяз ата сыйлық береді.

Жүргізуші : Санта клоус ортаға,
Шақырамыз биге біз
Қоңыраулар сыңғырлап,
Қуанышқа бөлер кез.

Би : «Санта клоус»

Жүргізуші:Құрметті қонақтар, балалар! «Қош келдің, Жаңа жыл!» жылға арналған
мерекеміз аяқталып қалды. Көріп тамашалағандарыңа рахмет. Жаңа жыл құтты
болсын, отбастарыңызға тек бақыт пен қуаныш әкелсін!!!Келесі сөз кезегін
балабақша меңгерушісі Бисебаева Әсел Қаржау қызына береміз.



«Балдырған» бөбекжай-бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны



Тақырыбы: « Қалдықсыз өмір акциясы»

«Айгөлек» тобы

Тәрбиешілер: Бақтыгереева.Ж.
Бегалина.Қ.

2025-2026 жыл.

Тексерілді: 

Тақырыбы: «Қалдықсыз өмір акциясы»

Мақсаты:

Балаларға қоршаған ортаны таза ұстау туралы түсінік беру, қайта өңдеу мәдениетін қалыптастыру.

Міндеттері:

Қалдықтарды ажырата білуге үйрету;

Табиғатты қорғауға тәрбиелеу;

Тазалыққа, ұқыптылыққа баулу;

Экологиялық мәдениет қалыптастыру.

Қатысушылар:

Кіші топ тәрбиеленушілері, тәрбиеші, ата-аналар

Қажетті құралдар:

Қағаз, пластик, шыны суреттері

Қоқыс жәшіктері (түсті)

Қайта өңдеуге болатын заттар

Табиғат суреттері

Шарлар, эмблемалар

Акция барысы

I. Кіріспе бөлім

Тәрбиеші: Балалар, біз бүгін табиғатты қорғау туралы әңгімелесеміз.

Таза табиғат — біздің денсаулығымыз бен бақытымыз. Қоқысты кез келген жерге тастамай, арнайы орынға салу керек.

II. Әңгімелесу

Сұрақтар:

Қоқысты жерге тастауға бола ма?

Қандай заттарды қайта өңдеуге болады?

Табиғатты қалай қорғаймыз?

Балалардың жауаптары тыңдалады.

III. Ойын: «Қоқысты сұрыпта»

Шарты:

Балалар қағаз, пластик, шыны суреттерін тиісті жәшікке салады.

Мысалы:

Қағаз — көк жәшік

Пластик — сары жәшік

Шыны — жасыл жәшік

IV. Сергіту сәті

Табиғат туралы қысқа қимылды ойын ұйымдастырылады.

Мысалы: «Жапырақтай жайқаламыз,

Күнге қарап жайқаламыз.

Таза ауамен дем алып,

Бақытты боп ойнаймыз!»

V. Шығармашылық жұмыс

Балалармен бірге:

Пластик қақпақтан гүл жасау;

Қағаздан аппликация құрастыру;

Қайта өңделген заттар көрмесін ұйымдастыру.

VI. Қорытынды

Тәрбиеші: Табиғатты таза ұстау — әр адамның міндеті.

Қоқысты сұрыптап, қайта өңдеуге беру арқылы біз табиғатты қорғаймыз.

Балаларға «Табиғат досы» мадақтамасы беріледі.



«Балдырған» бөбекжай-бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны



Тақырыбы: «Балалар кітапханасы-Адалдық әлемі»

«Айгөлек» тобы

Тәрбиешілер: Бақтыгереева.Ж.
Бегалина.Қ.

2025-2026

Әлсіздігі: 
«Адал азамат»

«Балалар кітапханасы-Адалдық әлемі»

Тәрбиеші:Құрметті әріптестер және балалар!

Бүгін «Балалар кітапханасы-Адалдық әлемі» атты апталық жобамызға қош келдіңіздер. Адалдық-адам бойындағы ең асыл қасиет. Біз оны бала жүрегіне ертегілер, әңгімелер, ойындар арқылы сіңіреміз. Осы апталықта балалар кітаппен дос болып, шыншылдықты, мейірімділікті, еңбекқорлықты үйренеді. Кітапхана – білімнің алтын қазынасы. Ал «Адалдық әлемі»-сол қазынаның жүрекке жол табатын ерекше мекені.

Ендеше Балалар кітапханасы апталықтың ашылуымен құттықтап келіп отыр. Олай болса балалар қошеметпен қарсы алайық.

Шара болатын жерде кітап көрмесі шара аттас ашылуы керек.

Көңілді әуенмен Кітапханашы қыз, екі баланы ертіп ортаға шығады. Қолдарында жалауша, түрлі – түсті шарлар ұстап көңілді шығуы керек. Осы арада «Туған ел» қосылады!

Кітапханашы:-Сәлематсыздарма құрметті қонақтар, Жас достар!

Бүгін бала-бақшада-Кітаптар апталығы мерекесі! Олай болса Достар осы мерекемен баршаңызды құттықтаймыз! Кітап туралы кім жақсы тақпақ біледі!

Екі бала:-Апай біз білеміз!

Ілияс:-Кітап білім бұлағы,

Білім-өмір шырағы.

Кітаптардың мекені,

Кітапхана тұрағы.

Әмина:- Ақылына ақша сұрамайтын,

Кітап атты ол-байлық.

Таза ұстап әрбір бетін

Одан ақыл сұрайық !

Кітапханашы:-Өте дұрыс, ақылына ақы сұрамайтын құнды байлық ол-кітап екен !

Кітап-ғасырлар мұрасы, Ол ешқашан сарқылмайтын байлық, адмзат ақыл-ойын ғасырдан-ғасырға апаратын көш-керуендей үзілмей апаратын рухани құндылық екен! Ендеше балалар мерекеге орай Аудандық балалар кітапханасынан кітап көш-керуені келе жатыр! Қане, қошеметпен тұрып қарсы алайық !/балалар қол соғып, қуанып қарсы алады/

Осы арада 6 машинадан тұратын колонаны манағы екі бала сүйреп ортаға әкеледі.

Балалар кітап мерекесіне орай біздерді құттықтауға ертегілер мен өздерің сүйіп көретін мультимедия кейіпкерлері келе жатыр, қане қош келдіңіздер !

Осы арада «Ертегілер » әні қосылады. Ханшайым-Аяжан:

Балалар көш керуенді бастап Ертегілер келген екен. Олай болса қай кейіпкер қай ертегіден келген екен, бірге жинақтайық балаларды ортаға тарту

Аяжан:-Келесі көшіміз Ұлттық ойындарды алып келген екен.ендеше қандай ұлттық ойындарды білеміз !

АУДАРЫСПАҚ,

ЖАМБЫ АТУ,

ТАЙ ЖАРЫСЫ,

АРҚАН ТАРТУ,

Олай болса ер баладар екі топқа бөліне қойсын, арқан тартып көрейік !

Қошқар көтеру ойнын ойнату

Аяжан: Өнер көшімен керуенімізді аяқтайық.,домбыра, сырнай,керней,баян - бұлардың бәрі өнерге қатысты ұлттық саз аспаптары.Ақындардың әдемі жыр жолдары, сазгерлердің құйқылжыған әндеру, мың бұралған бишілер-нағыз өнер иелері.

Ендеше балалар кім билегенді ұнатады, ортаға шығайық !

Қара жорға қосылады!

Кітапханашы:-Кітаптардың мекен ететін тұрағы-кітапхана! Олай болса, құрметті жас достар.Сол жерде ғажайыптың түрі бар, оны қолыңмен ұстап өзің оқып, санаңа құйып алу үшін жүріңдер бәріміз кітапханаға бірге барайық !

Осы арда **«Жүр досым кітапханаға»** қосылады бәрі флеш-мобқа шығады!



«Балдырған» бөбекжай-бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны



Тақырыбы: «Әкем үйреткен»

«Айгөлек» тобы

Тәрбиешілер: Бақтыгереева.Ж.
Бегалина.Қ.

2025-2026 жыл.

Тілексеріңді: 

Тақырыбы: «Әкем үйреткен»

Мақсаты: Баланы әкесімен бірге қарапайым еңбек әрекетіне қатыстыру;
Әке-бала байланысын күшейту;
Балалардың ұсақ маторикасын, қызығушылығын дамыту;
Адал еңбекке түсінік қалыптастыру.

Тәрбиеші: Құрметті әкелер, сүйкімді балалар бүгін біз «Әкем үйреткен» атты шағын шеберлік іс-шарамызды бастауға рұқсат етіңіздер. Әке-отбасының тірегі, ұлдың ұстазы, қыздың қамқоршысы. Әкенің үйреткен еңбегі-үлкен тәрбие. Ендеше ортаға әкелерімізді шақырайық.

«Күншуақ» тобынан Нұрболат Бейбарыс Еркебұлан ұлы.

Әкесі: Ахметов Еркебұлан

«Балапан» тобы Таңатов Төренұр Ринат ұлы

Әкесі: Дербисов Ринат

«Еркетай» тобы Қосым Димаш Әділет ұлы

Әкесі: Дәулетқалиев Қыдырқожа Қосым ұлы

1-ші бөлім. «Әкем менің үлгі өнегем» таныстыру бөлімі.

Әр отбасы қысқаша өздерін таныстырып өтеді.

-Әке есімі

-Қандай кәсіппен айналысады

-Баласына қандай еңбек түрін үйретеді?

2-ші бөлім Әкем білгіш сұрақ жауап. Әкелерге арналған еңбекке қатысты қысқаша сұрақтар

1. Адал еңбек деген не?

2. Баланы еңбекке қалай баулу керек?

3. Үйде балаңызбен қандай шаруаны бірге жасайсыз?

3-ші бөлім Шеберлік сабағы «Әкеммен бірге жасаймын»

Үйден жасаған жұмыстарын сурет арқылы түсіндіру. Жасаған жұмыстарын алып келу.

4. Ойын «Қай құрал қайда?»

Шарты: Үстел үстінде жұмсақ ойыншық, еңбек құралдары.

Балға, күрек, щетка, қылқалам.

Тапсырма: Әкесі балаға сұрақ қояды:

-Күректі көрсет

-Балғам қайда?

-Бояу қылқалам қайда?

Бала көрсетеді, ұстап көреді.

5. Қимылды ойын. «Әкемді табамын»

Шарты: Бөлме ішінде әкелер 1-2 қадам қашық тұрады. Балаларға өз әкеңді тап деген кезде әкесінің дауысынан өз әкесін табу керек.

6. «Әкем үйретеді» Әкесі баласына ләнгі ойнап көрсету.

Қорытынды:Бүгінгі шарамызда әр әке өз баласымен бірге адал еңбек пен шеберліктің үлгісін көрсетті.Сіздерге үлкен рақмет.

Әкелерге мақтау қағаздары:

«Еңбекқор әке»

«ең шебер әке»

«белсенді әке»

«Баласына үлгі әке»



«Балдырған» бөбекжай-бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны



Тақырыбы: «Аяулы анашым»

«Айгөлек» тобы

Тәрбиешілер: Бақтыгереева.Ж.
Бегалина.Қ.

2025-2026 жыл.

Тексерілді: 

Тақырыбы: «Аяулы анашым»

Жадыра: Құрметті Аяулы әжелер,аналар,қызғалдақ қыздар,қадірлі тәрбиешілер!Көңілдеріңізге көктем шуағындай сезім мен нұр құйып 8-ші наурыз халықаралық әйелдер мерекесі де келіп жетті.Осындай көркем мерекенің қай кезде де орны бөлек.Олай болатыны аналарға ыстық сезім,алғыс пен құрмет ешқашан сөңген емес.Олар өмірдің гүлі,көңілдің жыры,әр отбасының алтын дінгегі.Бүгінгі «Ана өмір шуағы»атты ертеңгілігіміз сіздерге арналады.

Құралай: Қымбатты да ардақты,аяулы аналар мен көктемдегі құлпырған қыздар!Көктемнің алғашқы айында еліміздің барлық жерінде тойланатын 8-ші наурыз әжелер,аналар,қыздар мейрамымен шын жүректен құттықтаймыз.Сіздерге әлемнің нұрын,өмірдің гүлін ,көктемнің шуағын тілейміз.Балаларымыздың сіздерге арнаған «Ана өмір шағы» атты ертеңгілігімізді қабыл алыңыздар.

Жадыры: Ақ анашым,әппағым
Өзің жәйлі тақпағым.
Арналады сіздерге
Бар баланың тақпағы —дей келе сіздерге арналған балаларымыздың тақпақтарын қабыл алыңыздар

Әмина:
Мені жақсы көреді
Күндей күліп келеді.
Айлин:
Мен анамды сүйемін
Сөзін ойға түйемін.
Айша:
Анашымды ардақтап
Басымды оған иемін.

Құралай: Балалрымызбен «түсіне қарай тап»ойынын ойнап жіберейік.

Балаларымыздың аналарына арнаған әндерін қабыл алыңыздар.
Хор «Құттықтаймын мама туған күніңмен»
Балаларымыздың аналарына арнаған тақпақтарымен ортаға
Хамза.Шырайлым.Нұрмұхаммедті шақырамыз.

Хамза:
Айналайын анашым
Әлпештеген баласын.
Шырайлым:
Алтыным деп мақтаған

Айналайын ақ мамам.

Нұрмұхаммед:

Менің әжем ақ әжем

Ұл мен қызды бақ әжем.

Жадыра: «көзінен таны» ойынын ойнатайын. Бұл ойынды ойнату мақсатымыз ана мен бала арасындағы сүйіспеншілік пен жақындықты нығайту. Аналарымыздың баласына деген зейінін, байқағыштығын арттыру.

Жадыра: Мерекеге арналады бүгін билер,

Көтерілсін кәнекей көңіл күйлер-дей отырып ортаға балаларымыздың аналарына арнаған «Жылы жүрек» биін қол соғып қошеметпен қарсы алыңыздар

Жадыра: Бүгінгі ертеңгілігіміздің құттықтау сөз кезегін балабақшамыздың меңгерушісі Бисебаева Әсел Қаржау қызына беремін

Күндеріңіз толсын гүлге, желекке

Отбасында болсын ырыс береке.

Құттықтаймыз шын жүректен сіздерді

Өмір думан, бақ әкелсін мереке-дей келе бүгінгі мерекеге арналған ертеңгілігіміз аяқталды, келіп тамашалағандарыңызға көп рақмет



«Балдырған» бөбекжай-бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны



Тақырыбы: «Таза ауа – таза әлем»

«Айгөлек» тобы

Тәрбиешілер: Бақтыгереева.Ж.
Бегалина.Қ.

2025-2026 жыл.

Тексерілді: 

Тақырыбы «Таза ауа – таза әлем»

Мақсаты:

Балаларға таза ауа мен табиғаттың адам денсаулығына пайдасын түсіндіру, табиғатты аялауға тәрбиелеу.

Міндеттері:

Таза ауа туралы түсінік қалыптастыру;

Табиғатты қорғауға баулу;

Балалардың ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту;

Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Көрнекіліктер:

Табиғат суреттері

Күн, бұлт, ағаш макеттері

Шарлар

Гүлдер суреті

Әуен

Ұйымдастыру түрі:

Танымдық экологиялық іс-шара

Іс-шара барысы

I. Кіріспе бөлім

Тәрбиеші: Балалар, біз күн сайын таза ауамен тыныс аламыз.

Таза ауа бізге денсаулық, күш-қуат береді. Табиғатты таза ұстасак, ауамыз да таза болады.

II. Әңгімелесу

Сұрақтар:

Таза ауа қайда болады?

Ағаштар не үшін керек?

Табиғатты қалай қорғаймыз?

Балалардың жауаптары тыңдалады.

III. Ойын: «Таза және лас»

Шарты:

Тәрбиеші суреттер көрсетеді. Балалар қайсысы таза табиғат, қайсысы лас орта екенін ажыратады.

IV. Сергіту сәті

«Самал жел»

Самал жел соғады,

Жапырақтар қозғалды.

Таза ауамен дем алып,

Көңіліміз жайланды.

V. Шығармашылық жұмыс

Мақтамен бұлт жасау;

Саусақпен күннің суретін бояу;

«Таза табиғат» ұжымдық жұмысы.

VI. Қорытынды

Тәрбиеші: Таза ауа — денсаулық кепілі.

Табиғатты таза ұстап, ағаштарды қорғауымыз керек.
Балаларға алғыс айтылып, «Табиғат досы» медальдары таратылады.



«Балдырған» бөбекжай-бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны



Тақырыбы: «Ертегі әлеміне саяхат»

«Айгөлек» тобы

Тәрбиешілер: Бақтыгереева.Ж.
Бегалина.Қ.

Тексерілді: 

Тақырыбы: «Ертегі әлеміне саяхат»

Мақсаты:

Ата-аналарды балаларға ертегі оқуға тарту, отбасы мен балабақша арасындағы байланысты нығайту.

Міндеттері:

Балалардың ертегіге қызығушылығын арттыру;

Ата-анамен бірлескен шығармашылық жұмыс ұйымдастыру;

Отбасылық кітап оқу дәстүрін насихаттау;

Баланың тіл байлығын дамытуға ықпал ету.

Ұйымдастыру түрі:

Ата-анамен бірлескен шығармашылық кеш

Қатысушылар:

Тәрбиеші, ата-аналар, тәрбиеленушілер

Көрнекіліктер:

Ертегі кітаптары

Кейіпкерлер маскалары

Суреттер

Шарлар, безендірулер

Әуен

Іс-шара барысы

I. Кіріспе бөлім

Тәрбиеші: Құрметті ата-аналар!

Бүгін біз «Ертегі әлемі» атты қызықты кешке жиналып отырмыз. Ертегі — баланың қиялын дамытып, мейірімділікке тәрбиелейтін ғажайып әлем.

II. «Менің сүйікті ертегім»

Ата-аналар балаларымен бірге сүйікті ертегі кейіпкерлерін таныстырады.

Мысалы:

«Бауырсақ»

«Мақта қыз бен мысық»

«Шалқан»

III. Ойын: «Кейіпкерді тап»

Ата-ана кейіпкерді қимылмен көрсетеді, балалар табады.

IV. Шығармашылық жұмыс

Маска жасау;

Ертегі кейіпкерлерін бояу;

Қуыршақ театры.

V. Отбасылық көрме

«Біздің сүйікті ертегіміз» фотокөрмесі немесе кітап көрмесі ұйымдастырылады.

VI. Қорытынды

Тәрбиеші: Баламен бірге ертегі оқу — отбасы жылулығын арттырады. Уақыт бөліп қатысқан ата-аналарға үлкен рақмет!

Ата-аналарға алғыс хаттар табысталады.



